

"Тауардың шығу тегі жөнінде сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 6 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 114 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 желтоқсанда № 19678 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 13.07.2021 № 454-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тауардың шығу тегі жөнінде сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10235 болып тіркелген, 2016 жылғы 31 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын бекіту туралы";

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы үшінші бөлімінің 3-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің
2019 жылғы 26 қарашадағы
№ 114 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушысының
2015 жылғы 9 қаңтардағы
№ 6 бұйрығына
5-қосымша
Нысан

1. Тауарды өндіруші (атауы және пошталық мекен-жайы)	4. № _____ ТАУАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТ СТ-KZ НЫСАНЫ			
2. Тауарды алушы (атауы және пошталық мекен-жайы)	_____ берілді (елдің атауы)			
3. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты алу мақсаты	5. Қызметтік ескертулер үшін			
6. №	7. Орындар саны және қаптама түрі	8. Тауардың сипаттамасы	9. Шығу тегінің өлшемдері	10. Брутто/нетто салмағы (килограмм)
11. Куәлік. Осы арқылы өтініш берушінің декларациясы шындыққа сәйкес келетіні куәландырылады _____ Атауы/ Мекен-жайы/ _____ Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/ Электрондық цифрлық қолтаңба _____ Күні _____		12. Өтініш берушінің декларациясы: Төменде қол қоюшы жоғарыда көрсетілген мәліметтер шындыққа сәйкес келетінін, барлық тауарлар толығымен Қазақстан Республикасында өндірілгенін және жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткенін және олардың барлығы да осындай тауарларға қатысты белгіленген шығу тегінің талаптарына сәйкес екендігін мәлімдейді. _____ Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/Электрондық цифрлық қолтаңба _____ Күні _____		

"СТ-KZ" НЫСАНДАҒЫ ТАУАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ № _____

—
СЕРТИФИКАТҚА ҚОСЫМША ПАРАҚ

--	--	--	--

6. №	7. Орындар саны және қаптама түрі	8. Тауардың сипаттамасы	9. Шығу тегінің өлшемдері	10. Брутто/нетто салмағы (килограмм)
	<p>11. Куәлік. Осы арқылы өтініш берушінің декларациясы шындыққа сәйкес келетіні куәландырылады</p> <p>_____</p> <p>-----</p> <p>Атауы/Мекен-жайы _____</p> <p>_____</p> <p>Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/ Электрондық цифрлық қолтаңба _____</p> <p>_____</p> <p>Күні _____</p>		<p>12. Өтініш берушінің декларациясы: Төменде қол қоюшы жоғарыда көрсетілген мәліметтер шындыққа сәйкес келетінін, барлық тауарлар толығымен Қазақстан Республикасында өндірілгенін және жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткенін және олардың барлығы да осындай тауарларға қатысты белгіленген шығу тегінің талаптарына сәйкес екендігін мәлімдейді.</p> <p>-----</p> <p>Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/ Электрондық цифрлық қолтаңба _____</p> <p>Күні _____</p>	